



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

« 13 »

02

2023 ж.

**«Құқық негіздері» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Құқық түсінігі	01	Құқық және оның қоғамдық қатынастарға әсері	элеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру
02	Конституциялық құрылым негіздері. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	02	Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және элеуметтік мемлекет ретінде жариялауы. Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері.	Конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру. Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
03	Азаматтық құқық түсінігі	03	Азаматтық құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі ролі	азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру
04	Еңбек құқығы түсінігі	04	ҚР Конституциясының 24-ші бабы	еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
05	Еңбек жағдайлары	05	Заңнамамен реттелетін еңбек жағдайлары	ҚР еңбек кодексінің баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау; құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
06	Еңбекті қорғау	06	Еңбек дауларының шешілу жолдары. Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қорғалуы	құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну; кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау
07	Неке және отбасы құқығы түсінігі. Некені қию және тоқтату жолдары	07	Заңнамада отбасының қорғалу жолдары. Некені қию және тоқтатылу жағдайлары.	неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру; некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау
08	Әкімшілік құқық	08	Әкімшілік құқық	Әкімшілік құқық ұғымын

	түсінігі. Әкімшілік жауапкершілік		реттейтін қоғамдық қатынастар. Әкімшілік жауапкершілік туындайтын жағдайлар	түсіндіру; әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау; құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру
09	Қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыс ұғымы	09	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі. Қылмыс деп танылатын әрекет түрі	қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру; қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату
10	Қылмыстық жауапкершілік	10	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні. Сыбайлас жемқорлықтың субъектілері.	құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау; сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау
11	Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	11	Мемлекеттік органдардың қызметі. Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі	Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру; мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау
12	Меншік құқығы	12	Меншік құқығына ие болу. Меншік түрлері	меншік түрлерін анықтау; меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
13	Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	13	Азаматтық-құқықтық міндеттемелерден туындайтын жауапкершілік	азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау
14	Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	14	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Бала құқығының қорғалуы	отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; құқықтық актілерге сүйеніп қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
15	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	15	Құқықтық мемлекеттің басты идеялары. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңыздылығы.	құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау; азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтау
16	Тұтынушылар құқығын қорғау	16	Тұтынушы ретінде өз құқығымызды білу	тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну
17	Жер құқығы негіздері	17	Жер құқығының құқықтық реттеу түсінігі мен нысандары	ҚР Жер кодексі негізінде жерге меншік құқығы, пайдалану құқығы, басқа да құқық түрлерін ажырату
18	Қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары	18	Қылмыстық қудалау – қылмыстық іс жүргізу құқығының институттары	кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін айқындау

19	Халықаралық құқық	19	Қазақстан Республикасы халықаралық құқық субъектісі	ҚР азаматтарының шетелде адам құқығы, еңбек қатынастары, білім беру салалары бойынша құқықтарын жүзеге асыруын халықаралық актілер негізінде зерттеу
20	Жазалау мен гуманизм мәселесі	20	Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасының қажеттілігі	қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Құқық түсінігі.** Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары. Азаматтық құқық түсінігі. Еңбек құқығы түсінігі. Неке және отбасы құқығы түсінігі. Әкімшілік құқық түсінігі. Қылмыстық құқық түсінігі. Меншік құқығы.

**Мемлекеттік басқару органдардың конституциялық жүйесі.** Жоғарғы билік органдарының негізгі қызмет бағыттары. Мемлекеттік биліктің өкілетті органдары.

**Қылмыс ұғымы.** Қылмыстың түрлері мен белгілері. Қылмыстың объектісі, субъектісі. Қылмыстың объективті және субъективті жақтары.

**Еңбекті қорғау.** Еңбек дауларын шешу жолдары.

**Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.** Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері.

**Еңбек шарты.** Еңбек шартының мазмұны.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

#### 8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

#### 9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Құқық негіздері А.С.Ибраева, С.Б.Гончаров, 9 сынып. – Алматы: Мектеп, 2019.

3. Құқық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ А.С.Ибраева, С.К.Есетова, Г.Т.Ищанова, С.Б.Гончаров. Алматы: Мектеп, 2019.

4. Құқық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық/1-бөлім А.С.Ибраева, Л.К. Еркінбаева, Л.Т.Назарқұлова, т.б - Алматы:Мектеп, 2020. - 200 б.
5. Құқық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық/2-бөлім А.С.Ибраева, Л.К. Еркінбаева, Л.Т.Назарқұлова, т.б - Алматы:Мектеп, 2020. - 192 б.
6. Құқық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық/1-бөлім А.С. Ибраева, С. Есетова, С.Б. Гончарова. -Алматы: Мектеп, 2020. - 176 б.
7. Құқық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық/2-бөлім А.С. Ибраева, С. Есетова, С.Б. Гончарова. -Алматы: Мектеп, 2020. - 200 б.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Орта білім беру комитеті

(ҚОЛЫ)

(Т.А.Ә)

« 13 » 02 2023 ж.

